

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы 27 тамыздағы  
№ 384 бұйрығына қосымша

**Жас ғалымдар, профессорлық-оқытушылық құрамы, докторанттар мен магистранттарға арналған «Action Research - педагог-зерттеуші моделін қалыптастыру негізі» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (80 сағат)**

**Бағдарлама авторы:**

**Берикханова Айман**  
**Еженхановна** – п.ғ.к., доцент,  
Абай атындағы ҚазҰПУ зерттеуші-  
профессоры, ПБХҒА  
корреспондент мүшесі және  
Конкорд Академиясының  
корреспондентмүшесі

*Бағдарлама "Action Research ретінде зерттеудің бейресми формаларын практикаға интеграциялау негізінде ЖОО оқытушыларының зерттеу белсенділігін дамыту теориясы мен технологиясы"ИРН АР 14872311 жобасы шеңберінде әзірленді*

**Алматы, 2023**

**Жас ғалымдар, профессорлық-оқытушылық құрамы, докторанттар мен магистранттарға арналған «Action Research - педагог-зерттеуші моделін қалыптастыру негізі» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (80 сағат)**

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Action Research - педагог-зерттеуші моделін қалыптастырудың негізі» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) жас ғалымдарға, профессорлық-оқытушылық құрамына, докторанттарға, жоғары білім беру ұйымдарының магистранттарына арналған. Сонымен қатар, Бағдарлама Action Research (Іс-әрекеттегі зерттеу) енгізу негізінде кәсіптік практиканы өзгертуге және жетілдіруге мүдделі колледждердің, жалпы білім беретін мектептердің және басқа да білім беру ұйымдарының педагогтары үшін пайдалы.

2. Бағдарлама жас ғалымдарды, профессор-оқытушылар құрамын, докторанттарды, магистранттарды Action Research (Іс-әрекеттегі зерттеу) туралы қажетті теориялық-әдіснамалық білімдермен қамтамасыз етуге және олардың зерттеу белсенділігін арттыруға бағытталған.

## **2. Глоссарий**

**Action research (Іс-әрекеттегі зерттеу)** - бұл нақты проблемаларды шешу және практиканы жетілдіру үшін жоспарланған іс-әрекеттердің, деректерді жүйелі қадағалаудың, өзгерістерді рефлексивті талдаудың тізбекті циклдеріне негізделген педагог-практиктердің зерттеулерді ұйымдастырудың бейресми формасы.

**Зерттеу белсенділігі** - бұл зерттеулердегі жүйелі тұғырға даярлықты, жаңа нәрсені іздеуге деген мотивацияны, іс-әрекет нәтижелілігін және креативтілігін рефлексиялауға қабілеттілікті, сондай-ақ инновацияларды қолданудағы бастамашылықты қамтитын интегративті қасиет.

**Талдау** – тұтасты зерттеуден оның бөліктерін зерттеуге көшу үшін объектіні оның құрамдас бөліктеріне ойша саралауға негізделген теориялық зерттеу әдістерінің бірі.

**Итеративтілік** (қайталану) - тәжірибені тереңірек түсінуге және жақсартуға қол жеткізу үшін әрекет пен рефлексия циклдарын қайталау процесі.

**Ғылымдағы интервенция** (лат. interventio - кірігу, араласу) - бұл практиканы жақсарту мен оңтайлы өзгерту мақсатында ықпал ету немесе жаңа идеяларды енгізу.

**Сыни ойлау** - бұл ақпаратты белсенді, саналы, жүйелі түрде талдауға, оның нақтылығын дәлелдер мен фактілер негізінде бағалауға, өзіндік нанымдарын рефлексиялауға және оңтайлы шешімдер қабылдауға негізделген ойлау түрі.

**Action Research-тегі коллаборация** - Action Research-тің барлық зерттеушілер арасындағы өзара тығыз әрекеттестікті білдіретін маңызды

аспектісі: тәжірибелі педагогтар, сыртқы сарапшылар, сыни достар, студенттер, оқушылар және т.б.

**Педагогикалық рефлексия** - педагогтың өз іс-әрекетіне және педагогикалық процесс субъектісі ретінде өзіне қатысты белсенді зерттеу позициясына тұра білуін білдіретін психологиялық феномен.

**Рефлексия** (лат. *reflexio* - «артқа қарау») - филос. термин адамның өз санасында болып жатқан барлық нәрселер туралы ойлау процесін білдіреді.

**Фидбэк (feedback)** - кері байланыс, іс-әрекет барысы мен нәтижелері туралы ақпарат жинау процесі, неғұрлым сындарлы және жан-жақты бағалау.

**Action Research циклілігі** - бұл қайталанатын орындау кезінде Action Research-ті неғұрлым жоғары деңгейге көтеретін және зерттелетін проблеманы шешуді және практиканы жақсартуды қамтамасыз ететін *жоспарлауды, әрекеттерді, байқауларды, рефлексияларды* дәйекті орындауды қамтитын спиральді процесс.

**Эмпирикалық деректер (ежелгі грек тілінен *empeiria* - «тәжірибе»)** - бақылау, әңгімелесу, сұхбат, сауалнама, педагогикалық эксперимент, педагогикалық тестілеу, құжаттаманы зерттеу және т.б. негізінде эмпирикалық жолмен алынған мәліметтер.

**Action Research-тегі зерттеу этикасы** - зерттеу жүргізу кезінде, әсіресе адамдармен жұмыс істеу кезінде этикалық стандарттар мен нормаларды ескеруді қамтитын Action Research-тің маңызды компоненті.

### 3. Бағдарламаның тақырыбы

Модульдер	Тақырыптар
<b>1 МОДУЛЬ</b> Шетелдік <b>Action Research</b> модельдері	1.1 Action Research теориясы мен практикасының даму тарихы
	1.2 Action Research енгізудің үздік әлемдік тәжірибелері
	1.3 Қазақстанда Action Research енгізудің өзектілігі: нормативтік-құқықтық аспектілер
<b>2 МОДУЛЬ</b> Педагогтардың зерттеу белсенділігін өзгертудегі <b>Action research</b> рөлі	2.1 Педагог-зерттеушіні даярлауда Action Research-ті енгізудің негізгі әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары
	2.2 Action Research зерттеу әдістері мен түрлері. Зерттеу дизайны, зерттеу тақырыбын анықтау (Браун-Робинсон әдісі)
	2.3 Action Research зерттеу этикасы
<b>3 МОДУЛЬ</b> Деректерді <b>жинау және интерпретациялау әдістемесі</b>	3.1 Action Research эмпирикалық зерттеу әдістері
	3.2 Теориялық зерттеу әдістері
	3.3 Статистикалық және математикалық әдістер. Деректерді талдау және интерпретациялау

<b>4 МОДУЛЬ</b> <b>Практикаға</b> <b>интервенция</b>	4.1 Зерттеудің процессуалды кезеңі, педагогикалық эксперимент.
	4.2 Ғылыми ынтымақтастық және ғылыми желілік қоғамдастық құру
	4.3 Тәжірибені өзгерту. Оқыту мен оқытудың инновациялық әдістерін енгізу
<b>5 МОДУЛЬ</b> <b>Зерттеу нәтижелерін</b> <b>бағалау және</b> <b>рефлексивтік</b> <b>практика</b>	5.1 Зерттеу нәтижелерін бағалау әдістері, зерттеу гипотезасын тексеру
	5.2 Кәсіби рефлексия зерттеу іс-әрекеті ретінде, кері байланыстың рөлі.
	5.3 Зерттеу нәтижесін қорытынды бағалау
<b>6 МОДУЛЬ</b> <b>Практиканы</b> <b>өзгерту үшін Action</b> <b>Research</b> <b>нәтижелерінің</b> <b>тұрақтылығын</b> <b>қамтамасыз ету</b>	6.1 Зерттеу нәтижелерін мерзімді басылымдарда мақала түрінде жариялау
	6.2 Өзіндік кәсіби тәжірибені жетілдіру
	6.3 Action Research тұжырымдамасын тарату және тәжірибе алмасу

#### 4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

**Бағдарламаның мақсаты:** Action Research ретінде зерттеудің бейресми нысандарын зерделеу және кәсіптік практикаға кіріктіру негізінде жас ғалымдар мен жоғары оқу орны оқытушыларының зерттеу белсенділігін дамыту.

#### **Міндеттер:**

1) білім беру ұйымдарының жас ғалымдары мен оқытушыларының кәсіби практикасына Action research-ті интеграциялаудың тәжірибесі мен әлемдік ғылым жетістіктері туралы жүйелі түсінік қалыптастыру;

2) теориялық негізделген және тәжірибеге бағытталған Action Research парадигмасы негізінде жас ғалымдар мен оқытушылардың зерттеу белсенділігін дамытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері туралы қажетті біліммен қамтамасыз ету;

3) Action Research ретінде зерттеудің бейресми нысандарын меңгеру негізінде жас ғалымдар мен оқытушылардың білім беру процесіндегі зерттеу құзыреттерін жетілдіру;

4) негізгі тұғырларды, алгоритмдерді, әдістемелік тәсілдерді, Action Research жүргізу стратегияларын меңгеру дағдыларын қалыптастыру;

5) Action Research тұжырымдамасын іске асыру үшін кәсіби желілік қоғамдастықтарда ынтымақтастық және коммуникация туралы білімін жетілдіру;

6) рефлексия, өзгерістер динамикасын талдау және кәсіби тәжірибені жақсарту дағдыларын дамыту, сондай-ақ Action Research-тің оң нәтижелерімен бөлісу тәсілдерін дамыту.

### **Оқытудан күтілетін нәтижелер**

Біліктілікті арттыру курсы аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

1) білім беру ұйымдарының жас ғалымдары мен оқытушыларының кәсіби практикасына әлемдік ғылымның жетістіктері мен Action research-ті интеграциялау тәжірибесі туралы жүйелі түсінік қалыптастыра алады;

2) теориялық негізделген және тәжірибеге бағдарланған Action Research парадигмасы негізінде жас ғалымдар мен оқытушылардың зерттеу белсенділігін дамытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері туралы қажетті білімдерді меңгереді;

3) Action Research сияқты зерттеудің бейресми нысандарын дамыту негізінде білім беру үдерісінде зерттеушілік құзыреттіліктерін жетілдіре алады;

4) Action Research-ті жүргізудің негізгі тұғырларын, алгоритмдерін, әдістемелік тәсілдерін, стратегияларын меңгереді;

5) Action Research тұжырымдамасын іске асыру үшін кәсіби желілік қоғамдастықтарда ынтымақтастық және коммуникация туралы өз білімдерін жетілдіре алады;

6) рефлексия, өзгерістер динамикасын талдау және кәсіптік практиканы жақсарту дағдыларын, сондай-ақ Action Research оң нәтижелерімен алмасу тәсілдерін қалыптастырады.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Білім беру бағдарламасы 6 модульден тұрады:

1) Шетелдік Action Research модельдері;

2) Мұғалімдердің зерттеушілік әрекетін трансформациялаудағы Action Research-тің рөлі;

3) Деректерді жинау және интерпретациялау әдістемесі;

4) Практикаға интервенция;

5) Action Research нәтижелерін бағалау әдістері;

6) Тәжірибені өзгерту үшін Action Research нәтижелерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету.

**Модуль 1. Action Research шетелдік модельдері.** Осы модульдің тақырыптары тыңдаушыларды Action Research теориясы мен практикасының даму тарихымен, білім беру ұйымдарында Action Research енгізудің үздік әлемдік тәжірибелерімен, Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру ұйымдарында Action Research енгізудің өзектілігімен, сондай-ақ педагогтердің

зерттеу белсенділігінің дамуын реттейтін нормативтік-құқықтық аспектілермен таныстырады.

**Модуль 2. Педагогтардың зерттеушілік белсенділігін трансформациялаудағы Action research рөлі.** Бұл модуль тыңдаушыларға оқытушы-зерттеушіні даярлауда Action Research енгізудің негізгі әдіснамалық тәсілдері мен принциптерімен, Action Research зерттеу әдістері мен түрлерімен, зерттеу дизайнымен, тақырыпты анықтаудың әртүрлі нұсқаларымен (SMART-мақсат, Браун-Робинсон әдісі) және Action Research этикалық мәселелерімен танысуға көмектеседі.

**Модуль 3. Деректерді жинау және интерпретациялау әдістемесі.** Модель тыңдаушыларға эмпирикалық және теориялық зерттеу әдістерімен, деректерді жинау әдістерімен, деректерді өңдеудің статистикалық және математикалық әдістерімен тереңірек танысуға, Action Research деректерін талдауға және түсіндіруге көмектеседі.

**Модуль 4. Тәжірибеге араласу.** Бұл модульдің тақырыптары күнделікті тәжірибеге интервенцияны, педагогикалық эксперимент жүргізуді, топтық жұмыстың, ғылыми ынтымақтастықтың маңыздылығын және зерттеу мақсатына жету, тәжірибені өзгерту, оқыту мен оқытудың инновациялық әдістерін енгізу үшін ғылыми желілік қоғамдастық құрудың маңыздылығын негіздей отырып, Action Research процессуалды кезеңінің мәнін ашады.

**Модуль 5. Зерттеу нәтижелерін бағалау және рефлексивті тәжірибе.** Бұл модуль тақырыптарының мазмұны зерттеу нәтижелерін бағалау әдістерінің өзектілігін, зерттеу гипотезасының дұрыстығын тексеруді, зерттеу қызметі ретінде кәсіби рефлексияның маңыздылығын, feedback (кері байланыс) рөлін және зерттеу нәтижелерін қорытынды бағалауды ашады.

**Модуль 6. Тәжірибені өзгерту үшін Action Research нәтижелерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету.** Бұл модульдің мазмұны Action Research-тің соңғы кезеңіне арналған және ғылыми мақала түрінде мерзімді баспасөзде зерттеу нәтижелерін жариялау, жас ғалымдар мен оқытушылардың өзіндік кәсіби тәжірибесін жақсарту, Action Research тұжырымдамасын тарату және әріптестері арасында тәжірибе алмасу сияқты маңызды аспектілерді ашады.

## **6. Оқу үдерісін ұйымдастыру**

1) біліктілікті арттыру курстары қашықтықтан оқыту мен күндізгі сабақтарды үйлестіру негізінде гибриді оқыту режимінде ұйымдастырылады;

2) оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Білім беру бағдарламасы тыңдаушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз ететін оқытудың интерактивті нысандары мен әдістерін қамтиды: әдістемелік семинар, тренинг, дәріс, практикалық жұмыс, вебинар, онлайн-конференция, онлайн-кеңес беру, өзіндік жұмыс, топтық жұмыс, жобалық тапсырмалар, презентацияларды қорғау, онлайн feedback, дөңгелек үстел, формативті бағалау. Курс барысында *Kahoot*, *Quiz*, *Padlet*, *Canvas LMS*,

*miro* виртуалды тақтасы және т. б. сияқты интерактивті онлайн құралдар пайдаланылады.

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында кіріс және шығыс онлайн-сауалнамалар, өзіндік жұмыс, теориялық және мазмұндық модульдер бойынша аралық тестілеу, рефлексивті эссе және жобалық тапсырмалар бойынша презентацияны қорғау көзделген.

## 7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

### Курстың оқу-тақырыптық жоспары

"Action Research – педагог-зерттеуші моделін қалыптастырудың негізі" (80 сағат)

№ р/с	Сабақтардың тақырыптары	Дәріс	Тәжірибелік	Тренинг Өткізу	Шағын оқыту	Дөңгелек үстел	Рефлексивті	Тестілеу	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8		9
1.	<b>Модуль 1. Action Research шетелдік модельдері</b>	<b>5</b>	<b>3</b>	<b>1</b>		<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>12</b>
1.1	Action Research теориясы мен практикасының даму тарихы	1	1						2
1.2	Action Research енгізудің үздік әлемдік тәжірибелері	2	1			1	1	1	6
1.3	Қазақстанда Action Research енгізудің өзектілігі: нормативтік-құқықтық аспектілер	2	1						3
2	<b>Модуль 2. Педагогтардың зерттеушілік белсенділігін трансформациялаудағы Action research рөлі</b>	<b>5</b>	<b>5</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>16</b>
2.1	Педагог-зерттеушіні даярлауда Action Research-ті енгізудің негізгі әдіснамалық тұғырлары мен принциптері	2	2						4
2.2	Action Research зерттеу әдістері мен түрлері. Зерттеуді жобалау, зерттеу тақырыбын анықтау (Браун-Робинсон әдісі)	2	2	1	2	1	1	1	10

№ р/с	Сабақтардың тақырыптары	Дәріс	Тәжірибелік	Тренинг Өткізу	Шағын оқыту	Дөңгелек үстел	Рефлексивті	Тестілеу	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8		9
2.3	Action Research-тегі зерттеу этикасы	1	1						2
<b>3</b>	<b>Модуль 3. Деректерді жинау және интерпретациялау әдістемесі</b>	<b>5</b>	<b>4</b>	<b>1</b>			<b>1</b>	<b>1</b>	<b>12</b>
3.1	Action Research эмпирикалық зерттеу әдістері	2	2	1					5
3.2	Зерттеудің теориялық әдістері	1	1						2
3.3	Статистикалық және математикалық әдістер. Деректерді талдау және интерпретациялау	2	1				1	1	5
<b>4</b>	<b>Модуль 4. Тәжірибеге араласу</b>	<b>6</b>	<b>4</b>	<b>1</b>			<b>1</b>	<b>1</b>	<b>13</b>
4.1	Зерттеудің процессуалдық кезеңі, педагогикалық эксперимент	2	1					1	4
4.2	Ғылыми ынтымақтастық және ғылыми желілік қоғамдастық құру	2	2						4
4.3	Тәжірибені өзгерту. Оқыту мен оқытудың инновациялық әдістерін енгізу	2	1	1			1		5
	<b>Модуль 5 Зерттеу нәтижелерін бағалау және рефлексивті тәжірибе</b>	<b>6</b>	<b>4</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>16</b>
5.1	Зерттеу нәтижелерін бағалау әдістері, зерттеу гипотезасын тексеру	2	2				1		5
5.2	Кәсіби рефлексия зерттеу ісәрекеті ретінде, кері байланыстың рөлі	2	2	1		1			6
5.3	Зерттеу нәтижесін қорытынды бағалау	2			2			1	5
<b>6</b>	<b>Модуль 6. Тәжірибені өзгерту үшін зерттеу нәтижелерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>1</b>			<b>1</b>	<b>1</b>	<b>11</b>



№ р/с	Сабақтардың тақырыптары	Дәріс	Тәжірибелік	Тренинг Өткізу	Шағын оқыту	Дөңгелек үстел	Рефлексивті	Тестілеу	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8		9
6.1	Зерттеу нәтижелерін мерзімді баспасөзде мақалалар түрінде жариялау	1	2				1		4
6.2	Жеке кәсіби практиканы жетілдіру	2	1	1					4
6.3	Action Research тұжырымдамасын тарату және тәжірибе алмасу	1	1					1	3
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>31</b>	<b>24</b>	<b>6</b>	<b>4</b>	<b>3</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>80</b>

Ескерту: Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес/ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы №249 бұйрығы).

## 8. Оқыту нәтижелерін бағалау

Кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін анықтау үшін тыңдаушылардың презентация өткізіледі "Action Research дизайны"

1) Презентация " Action Research дизайны»

Мақсаты - осы біліктілікті арттыру бағдарламасының модульдерін игеру қорытындылары бойынша теориялық және практикалық білімді түсіну мен қолдануды бағалау.

**Презентацияны бағалау критерийлері «Дизайн Action Research» (5 слайдтан артық емес)**

Презентацияны бағалау бойынша максималды балл саны – 15 балл:

0 – "дәлел жоқ", 1 – "дәлелдер әлсіз", 2 – "дәлелдер жеткілікті", 3 – "дәлелдер күшті".

№ п\п	Бағалау критерийлері	Балдар				Қорытынды
		0	1	2	3	
1	Action Research 5 кезеңдердің болуы					
2	Негізгі әдіснамалық тұғырларды пайдалануды негіздеу					

3	Зерттеу әдістері мен стратегияларын таңдаудың дұрыстығы				
4	Мәселеге қатысты рефлексиялық талдауды қолдану				
5	Психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік тиімділіктің көрінісі және зерттеу перспективалары				
<b>Қорытынды балдар (max – 15 балл)</b>					

## 9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

1 кезең - жаттықтырушының (оқытушының) Google meet, Classroom және т. б. платформаларында, сондай-ақ e-mail, WhatsApp, Instagram, YouTube арналары және басқа да әлеуметтік желілер арқылы онлайн консультациялар өткізуі;

2 кезең - Action Research жүргізуде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, қажетті әдебиеттерді таңдауда, зерттеу әдістері мен стратегияларын дұрыс таңдауда, сыни дос, сыртқы сарапшыларды таңдауда, тыңдаушыларды қажетті цифрлық ресурстармен қамтамасыз етуде бағыт-бағдар беру;

3 кезең-Action Research ретінде зерттеулерді ұйымдастырудың бейресми нысандары арқылы тыңдаушылардың зерттеу белсенділіктерінің дамуына мониторинг жасау.

4 кезең – рефлексивті эссе жазуда, зерттеу нәтижелерін ғылыми мақалалар түрінде ресімдеуде, педагогикалық журналдарда, конференция материалдарында жариялауда менторинг (тәлімгерлік);

5 кезең - әріптестермен тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету, Action Research оң нәтижелерімен бөлісу, кәсіби қоғамдастықтарда көпшілікке тарату.

## 10. Қосымша және негізгі әдебиеттер тізімі

### *Негізгі әдебиеттер*

1. «Сущность исследования в действии»  
[https://gimnazia24.ucoz.ru/dokument/11\\_w4d2\\_issledovanie\\_v\\_dejstvii.pdf](https://gimnazia24.ucoz.ru/dokument/11_w4d2_issledovanie_v_dejstvii.pdf)

2. Что такое SMART цели и как их ставить?  
<https://dzen.ru/media/id/5d976181b477bf00ade352d1/chto-takoe-smartceli-k-uroku-i-kak-ih-stavit-608a4ad713b13504dbbe66fa>

3. Wilson, E. (2009). School-based Research: A Guide for Education Students [Школьное исследование: руководство для учащихся педагогических учебных заведений]. London: Sage.

4. Wilson, E., & Demetriou, H. (2007). New teacher learning: substantive knowledge and contextual factors [Новое обучение учителя: предметное знание и контекстуальные факты]. Curriculum Journal, 18 (3), 213- 229. To link to this

article: DOI: 10.1080/09585170701589710 URL:  
<http://dx.doi.org/10.1080/09585170701589710>.

5. Elliott, J. (1991). Action research for educational change. [Экспериментальное исследование для изменения в обучении] Buckingham: Open University Press

6. Понкин И.В., Лаптева А.И. Методология научных исследований и прикладной аналитики: Учебник. Издание 2-е, дополн. и перераб./ Консорциум «Аналитика. Право. Цифра». – М.: Буки Веди, 2021. – 567 с. (Серия: «Методология и онтология исследований»).

7. Методология научного исследования в педагогике: коллективная монография / под ред. Р.С. Бозиева, В.К. Пичугиной, В.В. Серикова. – М.: Планета, 2016. – 208 с. ISBN 978-5-91658-000

8. Введение в образовательные исследования: теория, методы и практики. Монография / Аида Сагинтаева, Асель Камбатырова, Лаура Карабасова, Гүлмира Қанай, Айнур Альмухамбетова, – Нур-Султан: Высшая школа образования Назарбаев Университета, 2022. – 232 с.

9. Руководство для учителя, третий (базовый) уровень, третье издание (2012). Nazarbayev Intellectual Schools, Center of Excellence, University of Cambridge, Faculty of Education.

10. Дайана Халперн. Психология критического мышления.

11. Зина О'Лири. Основное руководство по проведению исследований. Лондон; 2004

12. Исследование в действии. «Как влияет применение формативного оценивания на качество обучения учащихся 7 класса по химии?» Ким Екатерина. WORLD SCIENCE № 2(30), Vol.4, February 2018 <http://ws-conference.com/> ISSN 2413-1032

13. Тихомирова Е.И. Технологии субъектной самореализации как основа самоопределения студентов // Вестник Костромского государственного университета им. Н.А. Некрасова: Серия: Педагогика. Психология. Социальная работа. Ювенология. Социокинетика. – 2008. – Т. 14. – №4. – С. 117–122.

14. Левин, М., и Гринвуд, Д. (2001). Исследования прагматичных действий и борьба за превращение университетов в обучающиеся сообщества. Справочник по исследованию действий: совместное исследование и практика, 103–113.

15. Свидерская С.П. Профессиональная самореализация педагога посредством научно-исследовательской деятельности // Научное обозрение. Педагогические науки. – 2016. – № 4. – С. 46-65; URL: <https://science-pedagogy.ru/ru/article/view?id=1522> (дата обращения: 04.01.2023).

16. Кресвелл, Дж. Дизайн исследования: Качественные, количественные и смешанные методы. Том 4. Калифорния: Sage. 2009.

17. Этический кодекс исследователей образования Казахстана. – Первое издание. – Нур-Султан: Казахстанское общество исследователей в области образования, 2020. – 68 с.

18. Уилсон Э., Абибулаева А. Введение в образовательные исследовательские методы. Астана, 2017. 750 с
19. Сагор, Р. Руководство по практическим исследованиям: четырехэтапный процесс для педагогов и школьных команд. КОРВИН ПРЕСС. 2010.
20. Alberta Teacher Association. (2000). Action research Guide [Руководство по исследованию в действии]. <http://www.teachers.ab.ca/SiteCollectionDocuments/ATA/Publications/nt/ActionResearch.pdf>

### *Қосымша әдебиеттер*

1. Altrichter, H., Posch, P., & Somekh, B. (2007). Teachers Investigate Their Work (2nd ed.) [Учителя исследуют свою работу]. London: Routledge.
2. Carr, W., & Kemmis, S. (1986). Becoming Critical. Education, knowledge and action research [Статья критичным. Обучение, знание и исследование в действии]. Lewes: Falmer.
3. Carr, W., & Kemmis, S. (2009). Educational Action Research: A Critical Approach [Исследование в действии в сфере образования: критический подход]. In Noffke, S. & Somekh, B. (Eds.), The Sage Handbook of Educational Action Research. London: Sage.
4. Cárdenas, M. L., González, A., & Álvarez, J. A. (2010). El desarrollo profesional de los docentes de inglés en ejercicio: algunas consideraciones conceptuales para Colombia [In service English teachers' professional development: Some conceptual considerations for Colombia]. Folios, 31, 49-68.
5. Whitehead, J., & McNiff, J. (2006). Action Research Living Theory [Современная теория исследования в действии]. London: Sage.
6. Costa, A., & Kallick, B. (1995). Assessment in the learning organization [Оценивание организации процесса обучения]. Alexandria, VA: Association for Supervision and Curriculum Development.
7. Corey, S. 1953. Action research to improve school practices. New York: Teachers' College Press.
8. Huitt, W. & Dawson, C. (2011, April). Social development: Why it is important and how to impact it. Educational Psychology Interactive. Valdosta, GA: Valdosta State University. Retrieved from.
9. Kemmis, S. (2007). Opening Address for the Spanish Collaborative Action Research Network [Открытие адреса для испанского сетевого сообщества по совместному Исследованию в действии]. (CARN) Conference, University of Valladolid, October 18 – 20, 2007.
10. Elliott, J. (1991). Action research for educational change [Исследование в для преобразования процесса обучения]. Buckingham: Open University Press.
11. Головская Н.И., Резникова Ю.Г. Модуль 3: Методы педагогического исследования. Информационный блок//Электронный ресурс: [http://bsu.ru/content/page/1415/hec/golavskaya/module3/3\\_2.html](http://bsu.ru/content/page/1415/hec/golavskaya/module3/3_2.html).

12. Дегтярев С.Н. Количественные и качественные методы в педагогическом исследовании креативных способностей учащихся// Образование и наука. 2013. №3 (102) с.3-13//Электронный ресурс: <https://cyberleninka.ru/article/n/kachestvennye-i-kolichestvennye-metody-v-pedagogicheskom-issledovanii-kreativnyh-sposobnostey-uchaschihsya>.

13. Кочнев В.П. Проблемные математические задачи как средство развития творческих способностей учащихся // Образование и наука. Изв. УрО РАО. 2011. № 3 (82). С.108-116.

14. Молдашев К. Этика исследования//Электронный ресурс: <https://metod.expert/researchethics/>.

15. Berikkhanova, A.; Sapargaliyeva, B.; Ibraimova, Z.; Sarsenbayeva, L.; Assilbayeva, F.; Baidildinova, D.; Wilson, E. Conceptualising the Integration of Action Research into the Practice of Teacher Education Universities in Kazakhstan. Educ. Sci. 2023, 13, 1034. <https://doi.org/10.3390/educsci13101034>